

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

**2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған
сценарийлер**

«Күншуақ» ортаңғы тобы

2025-2026 оқу жылы

«Күншуақ» ортаңғы тобының тәрбиелік іс-шаралардың жоспары

№	Тәрбиелік іс-шараның тақырыбы	Өткен уақыты
1	Білім күні мереке!	Қыркүйек
2	Тіл – татулық тірегі	Қыркүйек
3	25 қазан – Республика күні Қазақстан туған елім, ұлы өлкем!	Қазан
4	Алтын күз, жомарт күз	Қараша
5	«Тәуелсіздік – тұғырым»	Желтоқсан
6	«Қош келдің сиқырлы Жаңа жыл!»	Желтоқсан
7	«Алғысым шексіз!»	Наурыз
8	«Ана» мерекелік концерт	Наурыз
9	Наурыз келді жайдарлы	Наурыз
10	Мен ғарышкер боламын	Сәуір
11	Достық – біздің байлығымыз	Мамыр
12	«Ел қорғаны – ұландар!»	Мамыр
13	Ерлікке тағзым!	Мамыр

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

Білім күні - мереке

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

Балабақша ауласы 1-Қыркүйек - Білім күніне сай безендіріледі. Жеңіл музыка ырғағымен әр топтың балалары екі қатармен келіп, орындарына тұрады. Жүргізуші балаларды мерекемен құттықтайды.

Қастерлемес даңқын кім,

Қадірлемес салтын кім?

Әнұраны елімнің,

Үні,Тілі халқымның!

(Әнұран орындалады)

Жүргізуші:

Сәлем, достар, балалар!

Жаңа білім күніңмен!

Білім-күні мереке,

Ән салсам да әдемі.

Туған тілім-береке,

Сөз арнасам кәделі!

Хор: «Жас дәуірдің түлегі». (Сөзі: Е.Өтетілеуов, әні: И.Нүсіпбаев).

Тәрбиші:

Жаңа киім үстінде,

Мақтанғаным да келеді.

Білім тойы үстінде

Шаттанғым да келеді, -деп біздің «Қонжық» балабақшасының балалары мерекеге орай әдемі киініп келген екен, енді сіздерге арнап тақпақтар айтып береді.

Жігер:

Ән салайық, келіндер,

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Білім күнін тойлайық,

Би билейік, ойнайық.

Би: «Аққу»

Аянат:

Ұстаздар- ұлттың тірегі,

Ұстаздар- білім жүрегі.

Ұрпаққа жетер ұстазбен,

Халықтың ұлы тілегі.

Айлин:

Кітап-білім кеніші,

Білім- елдің өрісі.

Татар дәмді тәтті етер

Ащы еңбектің жемісі.

Амина:

Қуандырып біздерді
Мерекелі күз келді,
Кел, жемісті алтын күз,
Кемелденсін халқымыз.

Ән: «Балабақша»

Тәрбиші:

Шалдықпадым ,талмадым,
Арманды алға жалғадым.
Конституция-Қорғаным.
Атасы ол бар Заңның,- деп сіздерді 30-тамыз-Конституция күнімен
құттықтай отырып, Балалардың өнерін тамашалауға шақырамынз.

Шырын:

Әрқашан дос біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Достық жырын біліңдер,
Ту қылып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіндер.

Тәрбиеші:

Мереке ел мерейлі,
Мерейлі күн көбейді.
Шаңыраққа құт болып,
Керегеміз кеңейді.
Ән: Күз мерекесі»

Сардар:

Ән салыңдар күліңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Келіңдер күз тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

Ойын: «Сөмкемізге не жинаймыз?»

Жүргізуші:

Ал бірінші қыркүйек,
Күнсің ғой сен ең тәуір.
Өйткені ол мереке,
Бірінші күн ерекше.

Мерекелеріңіз құтты болсын. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш
болсын!-деп, мерекелік шағын ойын-сауығымызды «*Әрқашан күн
сөнбесін*» әнімен аяқтаймыз.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

Қазақстан туған елім, ұлы өлкем!

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

25 қазан – Республика күні

Жүргізуші:

– Армысыздар, қадірлі қонақтар!

Бүгін біз барлығымыз үшін ерекше мереке – Республика күнін атап өтеміз.

Бұл күн – біздің Отанымыздың еркіндігін, тәуелсіздігін білдіретін күн.

Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің нышаны. Балалар, Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биік желбірей берсін!

Балалар қолдарын жоғарык өтеріп, хормен айтады:

«Қазақстан жасасын!»

Хор:Әнұран.

Тәрбиеші: Балаларайлағантаңдысүйетінкім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Жарқын даланы сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімнің кім?

-Мен

музыка әуенімен орындарына отырады.

жүргізуші: балалар біздің рәміздерімізді білесіңдер ма? Ту, Әнұран, Елтаңба.

-Ортаға рәміздер ұстаған балалар тақпақ айтады.

Ән: «Ұланы елімнің»

Тақпақ:

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар көнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Ойын «Қамшы өру», «Шаш өру»

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту, елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде

Тәрбиеші: Қазақ халқының мұраларының бірі – халық ауыз әдебиеті . Ал халық ауыз әдебиетіндегі жол- ол даналар мәйегі. Олай болса балалар қазақтың билерін қонаққа келе жатыр екен қарсы алайық!

«Сөз бастаған шешендер» атты көрніс тамашалайық..

Төле би: Бір бала әкесінен өтіп туады,

Бір бала әкесіне жетіп туады,

Бір бала кері кетіп туады.

Қазбек би: Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.

Әйтеке би: Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,

Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін.

Тәрбиеші: Даналық сөздеріңізге рахмет. Біздің дастарханнан дәм татып қадірлі өонағымыз болыңыздар!

«Көңілді сәт»

Хор: «Тәуелсіз ел ұраным».

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді, тәртіпті болуымыз.

Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,

Балалар осымен Республика күніне арналған
«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкеміз тәрбие сағатымыз аяқталды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

Тіл – татулық тірегі

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

Тіл – татулық тірегі

Тақырыбы: «Тіл – татулық тірегі».

Мақсаты: Балаларды өз ана тілінде таза сөйлеуге, қадірлеп, қастерлеуге тәрбиелеу. Балалардың үш тұғырлы тілді мегеруіне бағдар беру. Ана тілді білу арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, жұмбақ айту, әңгімелесу, мақал-мәтел, тақпақтар айту.

Көрнекіліктер: Елбасының, Астананың суреті, нақыл сөздер, видеоролик

Барысы: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалады.

— Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Неге екенін білесіңдер ме? Себебі біз Тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз. Бүгінгі ашық оқу қызметімізде Тіл мерекесіне арналмақ. Олай болса қазір біз шаттық шеңберін құру арқылы, көтеріңкі көңіл күймен оқу қызметімізді бастайық.

Шаттық шеңбер. Бұл жанды тіл – менің азат тілім,

Жадымда талмай самғар қанат тілім.

Жыры — қуат, сөзі – ана уызындай,

Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

— Тамаша, орындарыа жайғаса қойыңдар.

— Балалар, бүгінгі оқу қызметімізді бастамас бұрын мен сендерге бір жұмбақ жасырамын. Сендер сол жұмбақтың жауабын табу арқылы бүгінгі Тіл мерекесіне арналған тақырыбызды аша түсетін боласыңдар. Олай болса жұмбақты мұқият тыңдаңдар.

Жағалай-жағалай тас қойдым,

Жирен атты бос қойдым. (Тіл мен тіс)

— Дұрыс айтасыңдар. Мінекей көрдіңдер ме жұмбақтың жауабы да бүгінгі тақырыбымызбен тығыз байланысты екен я.

— Балалар, айтыңдаршы біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Ұлтымыз қандай?

— Біз қай тілде сөйлейміз?

— Біздің ана тіліміз қай тіл? (Балалар сұрақтарға жауап береді)

— Балалар, сендер білесіңдер ме біздің «Тіл туралы» Заң қашан қабылданғанын? 1989 жылы 22 ыркүйекте «Тіл туралы» Заңымыз қабылданды. Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл туралы көптеген ғалымдарымыз, ақын-жазушылығымыз өз ойларын айтып кеткен болатын. Ұлылардан қалған ұлы сөздерге қысқаша құлақ асайық. 1 слайд: «Ана тілін білмейтін адам бір қолы жоқ шолақ адам секілді». Ғ. Мұстафин. 2 слайд: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.» Ғ. Мүсірепов.

3 слайд: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту».Б. Момышұлы. Әрине, әлемдегі кез келген халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, әрбір мемлекет өзінің ана тілін әрқашан да қастерлеп, қорғап жүреді. Ал ана тілін қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу. Тіл туралы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ойын тыңдап көрейік (видеоролик) Мінекей, бүгінде қазақ жерінде 130 дан астам ұлт өкілдері өмір сүріп келеді. Және олардың әрқайсысының ана тілі мен ата дәстүрі бар. Ана тілі жоқ ел мемлекет болып өмір сүруі мүмкін емес. Балалар, бүгін біз Елбасымыз айтқандай 3 тұғырлы тілді тілге тиек ете отырып 3 тілде амандасып үйренеміз. 3 тілде амандасу.

Қазақ тілінде – Сәлеметсіз бе?

Орыс тілінде – Здравствуйте?

Ағылшын тілінде – Hello?

Есік қағылып қонақ келеді. Бізде бүгін айтулы мерекеміз Тіл мерекемізді тойлап жатырмыз. Балаларымыздың тапқырлығын, ақылдылығын танып, сіздерде сол мерекеміздің куәсі болыңыздар. Ал енді балалар, тіл туралы кім таппақ біледі?

Айлин: Ақыл-ойын дананың

Ана тілден аламын.

Анам тілім ардақты

Ақ сүтіндей анамның.

Біржан: Өсірген ой, білімді

Сүйем туған тілімді.

Мақсат етем әр сөздің

Мәнін терең білуді

Һасәна: Ана тілің — арың бұл

Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте...

Аянат:

Ана тілім бал тілім

Өзің барда шалқыдым

Өз тілімде ән шырқап

Термелетіп балқыдым

Жігер: Тілім барда мақтанам.

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған.

Мәриям: Ана тілді білмесем

Шат-шадыман күлмес ем

Жер бетінде сайраңдап

Қазақ болып жүрмес ем

Амина: Ана тілің біліп қой

Еркіндігің, теңдігің

Ана тілің біліп қой

Мақтанышың, елдігің

— Тамаша, жарайсыңдар. Ал енді балалар орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын орындайық.

Мынау менің жүрегім

Бәрі осыдан басталған.

Мынау менің басым

Бәрін өзі басқарқан.

Мынау менің – оң қолым,

Мынау менің – сол қолым

Барлық істі атқарған

Жарайсыңдар, орындарыңа жайғасыңдар. Ал енді балалар, бүгін бізге қонақтар келіп қалған екен тіл туралы қандай мақал мәлел білетінімізді де айтсақ қалай қарайсыңдар. Қане кім мақал-мәтел біледі. Қонақтар бізге риза болып отырсын.

Салидат: Адам көңілден азады, тілден жазады

Шырын: Адамға келген он пәленің тоғызы – тілден.

Жансая: Атағыңды өсіретін де, өшіретін де – тіл.

Мұхаммед: Бала тілі – бал.

Әли: Өнер алды – қызыл тіл.

Мінекей балалар, Тіл – халықтың жаны демекші әр халық өз ана тілін ешқашан ұмытпауы тиіс. Ертеңгі болашағымыздың иесі сендер болғандықтан өзіміздің ана тіліміз – қазақ тілі екендігін естен шығармаңдар. Тілімізді қадірлеп, қастерлей білесіңдер деген ниетпен бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз. Сендерге рақмет балалар.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

АЛТЫН КҮЗ, ЖОМАРТ КҮЗ
«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

«Алтын күз, жомарт күз» ортаңғы топқа арналған ертеңгілік сценарийі

Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру, табиғатты сүюге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ән айту, би билеу және тақпақ айту дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: Күзгі жапырақтар, жеміс-жидек пен көкөністердің муляждары, себет, Алтын күздің тәжі.

Музыка әуенімен балалар залға кіреді.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар!

Бүгін біз бәріміз «Алтын күз сыйы» атты мерекеге жиналып отырмыз. Күз – молшылықтың, берекенің, еңбек пен шаттықтың мезгілі. Ендеше мерекемізді бастайық!

Балалардың тақпақтары

1-бала:

Күз келіпті көңілді,
Алтын түске бөленді.
Бақша толы жеміске,
Қуанады елім де.

2-бала:

Сары, қызыл жапырақ,
Жерге төкті шашырап.
Алтын күзім келгенде,
Көңіліміз шат-шуақ.

3-бала:

Алма, алмұрт піседі,
Егін бітік өседі.
Күздің берген сыйына,
Барлығымыз қуанамыз.

Ән: «Алтын күз»

Музыкамен Алтын күз кіреді.

Алтын күз:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен – Алтын күзбін. Сендерге молшылық пен береке ала келдім. Бүгін менімен бірге ойын ойнап, ән айтып, би билеуге дайынсыңдар ма?

Балалар:
Иә!

Би: «Жапырақтар биі»

Ойын: «Себетке жина»

Ойын шарты: Екі топқа бөлінген балалар жердегі алма мен алмұрттарды себетке тез жинайды.

Жұмбақтар

Алтын күз:
Жұмбақтарымды шешіп көріңдер.

1. Жаздай інге тығылды,
Күзде жерден жұлып алды. (Картоп)
2. Өзі қызыл, өзі тәтті,
Дәруменге бай тәтті. (Алма)
3. Үсті жасыл, іші қызыл. (Қарбыз)

Ойын: «Көкөністі тап»
Балалардың көзі байланып, қолымен ұстап көкөністі атайды.

Ән: «Кап-кап, тук-тук »

Би: «Көңілді күз»

Алтын күз:
Жарайсыңдар, балалар! Сендер өте ақылды әрі өнерлі екенсіңдер. Мен сендерге күздің тәтті сыйларын ала келдім.

(Балаларға алма немесе шағын сыйлықтар таратылады.)
Жүргізуші:

Осымен «Алтын күз сыйы» атты мерекеміз аяқталды. Келген қонақтарға үлкен рақмет! Балаларымыз аман, бақытты болып, күздей молшылыққа кенеле берсін!

Барлығы бірге:
Сау болыңыздар!



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

«Тәуелсіздік – тұғырым»

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

Ортаңғы топқа арналған мерекелік сценарий

Мақсаты: Балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейту, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Отанын сүйуге тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

Безендірілуі: Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, шарлар, көк және сары түсті безендірулер, «Тәуелсіздік – тұғырым» жазуы.

Балалар «Атамекен» әнінің әуенімен залға кіреді.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Бүгін біз еліміздің ең қастерлі мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік кешке жиналып отырмыз.

Тәуелсіздік – еліміздің бақыты, халқымыздың мақтанышы. Біз бейбіт елде өмір сүріп жатқанымызды мақтан тұтамыз.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

Тақпақтар

Жігер:

Көк байрағым желбіре,
Мақтанышым ел бірге.
Тәуелсіз ел – Қазақстан,
Бақытты өмір біз бірге.

Айлин:

Отаным – алтын бесігім,
Ардақтаймын есімін.
Қазақстан – туған жер,
Жүрегімнің төрісің.

Нәсәна:

Тәуелсіз елдің ұланым,
Бақытты өскен баламын.
Көк Туды биік ұстаймын,
Елімді мәңгі қорғаймын.

Сардар:

Елім менің – Қазақстан,

Кең байтақ туған мекенім.
Тәуелсіздік арқасында,
Шаттыққа толы екенмін.

Ән: «Отаным»

Би: «Қазақ биі» ұлдар биі

Жүргізуші:
Балалар, біздің еліміздің мемлекеттік рәміздері қандай?

Балалар:
– Ту!
– Елтаңба!
– Әнұран!

Жүргізуші:
Өте жақсы! Біз мемлекеттік рәміздерді әрдайым құрметтейміз.

Ойын: «Туды құрастыр»

Ойын шарты: Екі топқа бөлінген балалар Қазақстан Туының бөліктерін дұрыс құрастырады.

Ойын: «Кім жылдам?»

Ойын шарты: Балалар көк және сары түсті шарларды немесе жалаушаларды жинайды.

Ән: «Көк тудың желбірегені» (балаларға лайықталған нұсқасы немесе патриоттық балалар әні)

Жүргізуші:
Біздің еліміз – бейбітшілік пен достықтың мекені. Әрқашан көк Туымыз биікте желбіреп, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қорытынды

Барлық балалар бірге:
Туған елім – Қазақстан!
Сені сүйем, мақтанам!
Тәуелсіз елдің ұланы,
Бақытты болып өсемін!

Жүргізуші:

Осымен «Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік кешіміз аяқталды.

Тәуелсіз еліміз мәңгі жасасын!
Елімізде әрдайым бейбітшілік пен береке болсын!

Қонақтармен қоштасу.

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

**«Қош келдің сиқырлы Жаңа жыл!»
Мерекелік іс-шара**

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жыл

Жаңа жыл мерекесіне сай зал

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт береке, ырыс алып келсін! Жаңа жылда үйлеріңіз нұрға, құшақтарыңыз гүлге толсын! Әрқашан той болсын дей отырып, біздің «Күншуақ» ортаңғы тобымыздың «Сиқырлы Жаңа жыл!» мерекелік концертімізге қош келдіңіздер.

(Балаларды залға кіреді)

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы.

Әуен ырғағымен залға сиқыршы кіреді.

Сиқыршы: Сәлеметсіңдер ме, қымбатты достар! Мен сиқырлы, әрі көңілді сиқыршымын. Сиқырлық менің мамандығым. Шынымды айтсам, достар, сиқырлықсыз өмір сүре алмаймын!

Жүргізуші: Олай болса, балалар, сиқыршымен бірге ән орындайық.
(Балалар тұрып ән орындайды)

Ән: «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Құрметті сиқыршы, біздің балабақшаға қонаққа келгеніңізге өте қуаныштымыз! Өйткені бүгін балалардың және үлкендердің ең сүйікті мерекесі. Бізбен бірге ән айтып, би билеңіз!

Сиқыршы: Бұл мерекенің аты қандай?

Балалар: Жаңа жыл!

Сиқыршы: Ол қайдан келді? Мен шынымен білгім келеді, Жаңа жыл дегеніміз не?

Жүргізуші: Ендеше, біз сізге Жаңа жыл туралы бәрін айтып береміз.
Балалар ортаға шығып Жаңа жыл туралы тақпақтарын айтады.

Тақпақтар:

Сиқыршы: Сондықтан мұнда көңілді бола ма? Аяз ата осында келе ме?

Жүргізуші: Иә, Аяз ата келіп барлықтарыңа сыйлықтар алып келеді. Сондықтан, құрметті сиқыршы бізге көмектесіз бе?

Сиқыршы: Әрине көмектесемін, достар! Бірақ ... мен оны білмеймін. Сіз ол туралы маған айтыңызшы.

Жүргізуші: Аяз ата кім? Сұраққа жауап берейін! Ол ұзын ақ сақалымен, қызыл мұрыны бар, қызыл шапан киген үлкен ата.

Сиқыршы: Түсіндім, түсіндім. Ал енді , менің достарым (қалтадан қоңырауды алып, Сиқыршы қоңырауымен сылдырлап көңілді әуенмен залға Жылан ысылдап кіреді.)

Сиқыршы: Міне, біздің Аяз атамыз!

Жүргізуші: Балалар, бұл Аяз ата ма?

Балалар, Жоқ. Бұл Жылан ғой!

Сиқыршы таң қалады.

Жылан: Сәлеметсіздер ме, менің достарым. Иә, мен Жыланмын. Жаңа жыл құтты болсын! (Жыланның аудиосы қосылады)

Сиқыршы: Ия. Көріп тұрмын. Сен Аяз ата емессің. Сенің ұзын ақ сақалың жоқ екен. Біз Аяз атаны күтіп отырмыз.

Жылан: Қоңыраумен сылдырлап сен мені өзің шақырғансың.

Жүргізуші: Жылан, қарашы, біздің балалардың арасында кішкентай бишілер бар. Аяз атамыз келгенше солардың өнерлерін тамашаласақ.

Жылан: әрине, билеуді мен жақсы көремін. Кәнекей кішкентай бишілер ортаға би билейік.

Қыздарымыздың орындауында би: «Әдемі шыршалар» биі

Жылан: Мен – өтіп бара жатқан Ескі жыл – Жыланмын. Бұл жылда сендер өсіп, Көп нәрсе үйрендіңдер. Жақсылық та, қиындық та болды,

Бірақ бәрі артта қалды...

Енді уақыт келеді, кішкентай балаларым. Менің кететін уақытым келді менің кетуім керек.

Бәрі: Сау бол, Жылан! Жолың болсын! Бізге тағы да қонаққа кел!

(Көңілді әуен ырғағымен жылан залдан шығып кетеді.)

Жүргізуші: Аяз атаның орнына бізге Жыланды шақырдың.

Сиқыршы: Мен бір нәрсені шатастырдым. Кішкентай достарым, маған тағы да көмектесесіңдер ме? Балалар, барлығымыз бар дауысымызбен Аяз атаны шақырайық. Барлығымыз А-я-з а-т-а деп айқалайық!

(Аяз ата мен ақшақар залға кіреді, аудио қосылады)

(Аяз ата мен Ақшақар шырша қасына барады, шырша шамын жағады)

Жүргізуші: Әдемі шыршамыздың шамын жағып болсақ, Аяз атамызға арналған тақпақтарын тындайық.

Балалардың тақпақтары:

Сиқыршы қоңырауымен сылдырлатып, залға әуен ырғағымен Жылқы кіреді.
(Аудио қосылады)

Жылқы: Уау! Қанша балалар, қыздар мен ұлдар Сәлеметсізбе,

Мен далада жүріп қоңыраудың дыбысын естіп сендерге келдім.

Жүргізуші: Жаңа Жылқы жылымыз қош келдің. Бізбен бірге балаларымыздың өнерін тамашалайық.

Ұлдар биі: «Флешмоб» биі

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар Ұлдарымыздың биін тамашлап болсақ, ары қарай тақпақтарымызға кезек берейік.

Балалардың тақпақтары:

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, Аяз атамыз бен Ақшақарымызға тақпақтарыңды айтып бердіңдер

Сиқыршы: Балалар, қандай өнерлісіңдер, мен сендерге таңқалып тұрмын. Енді менімен бірге би билеуге қалай қарайсыңдар?

Қыздар биі Би: «Сүйкімді Микки Маустар» биі

Жүргізуші: Биші қыздарымызға рахмет, би билеп көңілімізді көтеріп алдық, енді кезекті ата-аналарымызға берейік. Олармен ойн ойнауға қалай қарайсыңдар.

Ата-аналармен ойын: «Кім шапшаң?»

Аяз ата:

Балаларым, қандай тамаша өнер көрсеттіңдер!
Ән айттыңдар, би биледіңдер,
Жаңа жылды қуанышпен қарсы алдыңдар.
Сендерге ризамын, жарадыңдар!

Ақшақар:

Жаңа жыл – жақсылықтың бастауы,
Күлкі мен шаттыққа толы болсын!
Әр күніңіз шуақты,
Армандарыңыз орындалсын!

Жүргізуші:

Ендеше, балалар,
Жаңа жылда бәріңе
Денсаулық, бақыт,
Ата-анаға қуаныш әкелетін
Ақылды да тәрбиелі бала болуды тілеймін!
(Балалар хормен)
Жаңа жыл құтты болсын!

Ән: «Жаңа Жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда жаңа жыр»

Жүргізуші:

Ал енді, Аяз ата,
Балалар сізден сыйлық күтіп отыр ғой!
Аяз ата:
Иә, иә, сыйлықсыз Аяз ата бола ма?!
(Сыйлықтарды таратады)

Аяз ата:

Қош болыңдар, балалар!
Жаңа жылда қайта кездескенше!

Ақшақар:

Қош сау болыңдар!
Көңілдерің әрдайым көтеріңкі болсын!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар және балалар! «Қош келдің, Сиқырлы Жаңа жыл» атты жаңа жылдық мерекеміз аяқталды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата-аналар, әріптестерім сіздерге мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рақмет! Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!

«Қош келдің сиқырлы Жаңа жыл» атты ортаңғы тобының мерекелік концерттің есебі

Балабақшадағы мереке — бұл қуаныш, көңілділік, асыға күтетін мереке, ол әр баланың өміріне жарқын оқиғамен еніп, жадында ұзақ уақыт сақталуы керек.

"Сиқыршы" кейіпкері мен жүргізуші «Күншуақ» ортаңғы тобында жаңа жылдық ертеңгілікті атап өтті. Мындаған жаңа жылдық шырақтар жанып тұрған музыка залына әдемі киінген бүлдіршіндер келіп, жаңа жылдық дөңгелене билеп айнала бастады. Оларға қонаққа Сиқыршы, Жылан мен Ақшақар, Аяз ата және Жылқы жылы келді. Балалар кейіпкерлерімен бірге әсем шыршаның жанында көңіл көтерді: сылдырмақтармен, сүйікті ойыншықтарымен биледі. Біздің балалар өте талғампаз және таңғажайып болды!

Ертеңгілік жылы ертегі атмосферасында өтті. Балалар көңілді уақыт өткізіп, ертегі сәттерін тамашалап, Аяз атадан сыйлықтар алды. Мереке балаларға тек жағымды эмоциялар сыйлап, балаларды Жаңа жылды отбасымен қарсы алуға жақындатты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

«АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ!»

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жыл

Алғыс айту күніне арналған мерекелік сценарий

Тақырыбы: «Алғысым шексіз!»

Ортаңғы топ

Мақсаты:

Балаларды бір-біріне, ата-анасына, ұстаздарына және туған еліне алғыс айтуға тәрбиелеу. Мейірімділікке, достыққа, сыйластыққа баулу.

Көрнекіліктер: жүрекшелер, гүлдер, шарлар, «Рақмет», «Алғыс» сөздері жазылған плакаттар.

Мерекенің барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және сүйікті бүлдіршіндер!
Бүгін біз ерекше мереке – Алғыс айту күнін атап өтеміз. Алғыс айту – жақсылық жасаған адамға ризашылық білдіру. Ендеше, жүрегіміздегі жылы лебізімізді арнап, мерекемізді бастайық!

Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

Тақпақтар

Дара:

Алғыс айтам анама,
Мейірімі даладай.
Қуанышқа бөлейді,
Жанымдағы панам-ай.

Нәсәна:

Әкеме айтам рақмет,
Еңбек етіп жүреді.
Бақытты боп өссін деп,
Қамқорлығын береді.

Айлин:

Тәрбиеші апайға,

Айтамыз біз алғыс көп.
Білім беріп әрдайым,
Жетелейді жақсылыққа.

Ясмина:
Достарыммен әрдайым,
Тату-тәтті жүремін.
«Рақмет!» деп айтуды,
Ешқашан да ұмытпаймын.

Ән: «Рақмет саған»

Ойын: «Жылы сөз айт»

Балалар бір-біріне жүрекшені беріп:
– «Рақмет!»
– «Сен жақсы доссың!»
– «Саған қуаныш тілеймін!» сияқты жылы сөздер айтады.

Би: «Достық биі» (көңілді әуенмен).

Мақал-мәтелдер

- Жақсылыққа – жақсылық.
- Рақмет – адам көркі.
- Досы көпті жау алмайды.

Ойын: «Жақсылық себеті»

Балалар себеттен суреттерді алып, ондағы жақсы іс-әрекетті атайды (үлкенге көмектесу, гүл суару, ойыншық жинау, құсты қоректендіру және т.б.).

Қорытынды

Жүргізуші:
Балалар, әрқашан үлкендерді құрметтеп, достарыңа қамқор болып, «рақмет» деп айтуды ұмытпаңдар. Алғыс айту – адам бойындағы ең әдемі қасиеттердің бірі.

Барлығы бірге:
«Рақмет! Алғысымыз шексіз!»

Ортақ ән: «Біз бақытты баламыз»
Мереке соңында балалар қонақтарға жүрекше немесе гүл сыйлап, «Рақмет!»
деп алғыс білдіреді.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Мерекелік іс-шара

Тақырыбы:

«Ана»

«Күншуақ» тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

8 наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

Мақсаты: мерекелік көңіл-күй құру; Ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу.

Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер әндер айтады. Ана еңбегін қадірлей біледі.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер, ме құрметті қонақтар, біздің сүйкімді бүлдіршіндеріміздің Аяулы аналары мен ардақты әжелері. Бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз құтты болсын! Мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер!

Сіздерге мерекелік лебізін білдіруге ортамызға балабақшамыздың әдіскері Г.М.Утемисовнаға сөз кезегін берейік. (Сөз сөйлейді)

Жүргізуші: Шалқып, тасып әніміз

Жадырасын жанымыз,
Ана, сен құттықтап
Әнде теміз бәріміз! - дей отырып «Күншуақ» тобының балаларының орындауындағы «Ана деп ән салам» әнін қарсы алыңыздар

Ән: «Ана деп ән салам»

Такпақтар:

Аэлига: Ана- күнің жүрегің,

Әкең – өмір тірегің,

Сен бақытты ұлансың,

Бәрі саған қуансың.

Шырын: Біз доспыз гүлдермен,

Текке оны жұлмаймыз.

Мерекеден бір-бірден

Аналарға сыйлаймыз.

Камила: Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсыңдай

Құлпыра өсіп дема алам

Құшағында қысылмай.

Еламан: Жүре берсем қасымда
Әйбәт анам, әй анам
«Ботам» деген даусыңнан
Мен мәз болып оянам.

Біржан: Анам менің тірегім,
Жайдары жаз күніндей.
Ән айтқанда үні оның
Нағыз бұлбұл үніндей.

Айсезім: Сыйлайыншы гүлімді,
Теріп алған даладан.
Мейрамыңыз бүгінгі,
Құтты болсын, анажан!

Арманбек: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Мәриям: Әлпештеген баласын,
Ана-бақыт, ана-күн.
Әркім сүйіп өзінің
Мақтан етер анасын.

Мұхаммед: Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдепкен бас иеміз.

Осы уақытта музыкамен залға Көктем келеді.

Көктем:

Мен көңілді көктеммін,
Былтыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың
Түбіне тал еккенмін.
Құстар әнін ала келдім
Жерге кілем жаба келдім.

Жүргізуші: - Сәлеметсіз бе, Ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Ару көктем, біздің шақырумызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рақмет. Балалар сені көптен күтті. Саған арнап дайындаған тақпақтарын қабыл ал.

Тақпақтар:

Аңсағаным: Өр сөзінді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.

Анашым деп мақтанам.

Айналайын ақ мамам.

Жігер: Еркелесем күнім дейтін

Ұрысқаны білінбейтін

Маңдайымнан иіскеп менің

Құлыншағым күнім дейтін.

Ясмина: Анамды мен жақсы көрем

Айтқан тілін алып жүрем

Қасымда апам жүргенде

Шаттанып ойнап күлем.

Дара: Өр сөзімді жаттаған,

Жүрегімде сақтаған,

Анашым деп мақтанам

Айналайын ақ мамам!

Сардар: Жердегі бар тағамнан,

Ана сүті нәрлі екен.

Бұл жалғанда анамнан,

Сүйікті адам бар ма екен.

Салидат: Мені жақсы көреді,

Күндей күліп жүреді.

Біздің үйдің жылуы

Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

Зейнаб: Жер бетінің ғұмыры,

Күн нұрымен тарайды.

Біздің үйдің жылуы

Анамыздан тарайды.

Айлин: Ақ қабақты анашым,

Күн сәулелі анашым.

Әлпештеген баласын

Айналайын анашым.

Ән: « Ана тілім »

(Әуенмен қызыл телпек кіреді.)

Қызыл телпек: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Жүргізуші: - Сәлеметсің бе, Қызыл телпек! Мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: - Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатып адасып кеттім. Осы жерден өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келдім.

Жүргізуші: Қане балалар, олай болса Қызыл телпекке әжесінің үйіне баруға ойын ойнап көмектесейік.

Ойын: «Гүл құрастыр»

(Залға музыкамен Қасқыр кіреді)

Қасқыр: - Мен қызыл телпекті іздеп жүрмін. Иісінен сезіп тұрмын, ол осында. Әлде келіп кетті ме екен? Мен оны ұстап алуым керек. Қайда? Қайда?

Қызыл телпек: - Қасқыр, Қасқыр! Үлкен мереке өтіп жатыр. Балалардың өнерін тамашалайық! Олар аналарына арнап ән, тапқақ айтады. Мен де әжемді құттықтауым керек.

Қасқыр: - Егер балалардың өнерлері маған ұнаса мен тимеймін!

Жүргізуші: Қане балалар, олай болса аналарымызбен ойын ойнайық.

Ойын: «Гүлді алаң» (Ата-аналармен ойын)

Би: «Ерке қыздар» орындайтын тобымыздың кішкентай ерке қыздары

Қасқыр: - Балалар, сендер қандай өнерлісіңдер! Мен енді сендермен дос боламын. Балаларды ренжітпеймін.

Жүргізуші: - Балалар, бүгін тек аналарымыздың ғана емес, сонымен қатар әжелеріміздің де мерекесі.

Қызыл телпек әжесін құттықтауға барады екен. Бізде әжеміз туралы ән, тапқақтарымызды айтып мерекемен құттықтайық!

Тапқақтар:

Хамза: Менің әжем мейірбан

Мені жақсы көреді.

Қажетіне жарасам

Жас балаша күледі.

Мансур: Менің әжем, гүл әжем

Алтын әжем, күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана тілі әжем.

Ерасыл: Әжемді мен жақсы көремін,

Өлең айтып беремін.

Үлкен болып өскенде

Бәрін алып беремін.

Хадиджа: Әжең – асыл ардағың,

Атаң – дана қорғаның,

Сен – бақытты ұлансың,

Бәрі саған қуансың.

Санжар: Әжем менің әйбат

Ешкім оған жетпейді.

Күні бойы бірге ойнап,

Жанымнан бір кетпейді..

Һәсәна: Әже деген көп шығар,

Әжемдей жоқ шығар.

Мейірімді бұл кісі,

Қандай ғажап күлкісі.

Жүргізуші: - Құрметті әжелер! Ұлдарымыздың биін қабыл алыңыздар!

Би: «Ұлдар» биі

Жүргізуші: - Балалар, сендер әже туралы тақпақта, ән біледі екенсіңдер. Ал, үйде әжемізге көмектесесіңдер ме?

Ән: «Әжетайым»

Би: «Детки конфетки» биімен қыздарымыздың биін қабыл алыңыздар.

Қызыл телпек: - Сендер болмасаңдар мен жалғыз қорқып қалар едім. Жақсылық жасап, бір-бірімізге көмектесу ең үлкен бақыт. Әрқашан ата-аналарыңның, тәрбиешілеріңнің сөзін тыңдап жолда абай болыңдар! Маған әжемнің үйіне жол тауып көмектескендеріңе рақмет!

Жүргізуші: - Балалар, сендер ақылды әрі мейірімдісіңдер. Жақсылық жасап Қызыл телпекке көмектестіңдер. Барлық өнерлерінді көрестіңдер. Енді Қызыл телпекті шығарып салайық. Жолда абай бол, Қызыл телпек!

Біз сыйлықты дүкеннен сатып алмаймыз

Өз өнерімізді қолымыздан жасаймыз.

Аналар күніне бір-бірден сыйлаймыз!

(Балалар қолдан жасалған сыйлықтарын аналарына, әжелереріне табыс етеді.)

Жүргізуші: Тамаша, міне көрдіңіздер ме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп келе жатырған артистер!

Ана деген бұл өмірдің бағы ғой

Ана деген бар көңілдің зары ғой

Аналарды құрметтейді бар әлем

Анаң болса бұл өмірде үлкен той

Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз мерекесіне арналған «Ана» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!

Жүргізуші: -Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!

«Ана» атты мерекелік концертіміздің есебі

«Ана» атты концеріміз барлық аналардың көңілінен шықты. Олар балаларының өнерлеріне риза болып өз алғыстарын айтып кетті. Концерттік бағдарламамыз бала жасына сай тақпақтар айтылып, әндер мен билер, сонымен қатар ойындар да ойнады.

Шарамыздың мақсаты мерекелік көңіл-күй құру; Ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Концертіміз өз мақсатына жетті.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Мерекелік іс-шараның тақырыбы:

«Наурыз келді жайдарлы»

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеші:

Келіңіздер, наурыз күнін қарсы алайық.
Билейік, жыр жырлайық, ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді.
Арқанды кеңге салшы, уа халайық.

Құрметті қонақтар! Алыстан арып келсең, айран ұсынып, қонағына құрт – майын сақтаған абзал әжелер, күлкісі әсем аналар мен жеңгелер, қылығымен сүйсінткен аяулы апа сіңілдер, тәрбиешілер мен балалар! Төл мерекеміз Наурыз мейрамы құтты болсын! «Күншуақ» ортаңғы тобы дайындаған «Наурыз келді жайдарлы» атты ертеңгілігін тамашалауға шақырамыз.

Балалардың орындауында ән: «Наурыз көктем»

Тәрбиеші: Балалар, көктем келді! Көктем келсе айнала төңірекке жан кіреді. Алыс жақтан құстар ұшып келеді, қысқы ұйқысынан аңдар оянады. Табиғат жаңарып, гүлденеді. Әр халықта көктем мерекесі әртүрлі тойланады. Балалар бұл мереке қалай аталады?

Балалар : Наурыз.

Тәрбиеші: Бақта құстар сайрайды.

Жайнап көктем нұрымен.
Жаңа дәстүр жырымен.
Ел наурызды тойлайды.
Ендігі кезекті балалардың наурызға арналған тақпақтарына береміз.

Аңсағаным: Жаңа ағытқан қозыдай.
Жамырасып өрістен.
Ұлыс күні кәрі жас.
Құшақтасып көріскен.

Ясмина: Ата-бабам тойлаған.
Наурызым, армысың!
Қызығына тоймаған,
Дарқан дала, қарлы шың.

Камила: Мерекені байрығы.
Алды халқым қабылдап,
Ақ дастархан жайылды,
Ошақта от жалындап,

Тәрбиеші: Наурыз мейрамы – өте ерте заманнан бері тойланып келе жатқан тұрмыстық мереке. Ол парсының «Наурыз» жаңа күн деген сөзінен шыққан. Бұл жөнінде халқымыздың кемеңгер ұлдары Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов біршама деректер жинаған, күн мен түн теңелген, мал төлдеп, адамның аузы аққа тиген, жер бусанып, малдың аузы көкке тиген ырыстың басын қазақ елі «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған.

Балалардың орындауында «Батырлар» биі

Тәрбиеші: Наурыз жырын жырлаймыз,

Осыменде тұрмаймыз.
Шыңдалып жеткен бұл күнге,
Ел дәстүрін сыйлаймыз.дей келе

Ендігі кезекті балалардың тақпақтарына береміз:

Мұхаммад: Наурыз тойын әдемі.
Әжем еске түсірді.
Біздерге арнап әдемі
Наурыз көже пісірді.

Арманбек: Көже пісті әр үйде,
Дастарханда – береке.
Халқымыздың мерейі.
Өсе берсін мереке.

Жігер: Бата беріп атамыз.
Бата беріп апамыз.
Тәтті етіп жасалған.
Наурыз дәмін татамыз.

Айсезім: Өмір бағы жайнасын,
Бақта бұлбұл сайрасын.
Өркендесін тірішілік.
Өсірілсін бір шыбық.

Ерасыл: Наурыз келді еліме.
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін.
Бүкіл қазақ еліне.

Тәрбиеші: Балалар 22- наурыз аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан – жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған күн. Олай болса ортаға сөз жалғасын тауып айт ойынын ойнайық.

Ойын: «Орамалды қағып ал, сөз жалғасын тауып айт»

- 1 Ұлыс оң болсын,...ақ мол болсын.
2. Ұлыс бақты болсын,...төрт түлік ақты болсын.
3. Ұлыс береке берсін....бәле жала жерге енсін.
4. Бір тал кессең,...он тал ек.
5. Атаңнан мал қалғанша,...тал қалсын.
6. Бұлақ көрсең,...көзін аш.

Тәрбиеші: Әнім де, саған биім де.
Құт қонақ өзің үйімде.
Қуаныш сыйлап еліме.
Күлімде, наурыз күлімде.

Тәрбиеші: Қыздарымыздың орындауында «Қамажай» бii.

Тәрбиеші: Балалардың орындауында би: «Жігіттер» биі

Тәрбиеші: Айта берсек тасылмас,
Мереке де ән жырымыз,
Кел, оданда халайық,
Ойын ойнайық жаңа бір.

Ойын: «Күш сынаспақ»

Шарты: Екі бала білек күшін сынасады. Шынтақты үстелге тіреп қойып күш сынасады.

Тәрбиеші: Балалардың орындауында ұлттық би «Мереке»

Тәрбиеші: Наурызда атқа мінген жігіттер елді аралап жарапазан айтқан. Ізгі тілекпен әндете келген жарапазаншыларға адамдар бауырсақ, құрт, ірімшік ұсынып, шапан жауып белдеріне жібек орамал таққан. Ендігі кезекте біздің балаларымыздың орындауындағы жарапазанды қабыл алыңыз.

Ойын: «Аударыспақ» Екі бала арқаларын беріп қолын айқастырып тұрады, кім бірінші көтеріп алса сол жеңіске жетеді.

Ойын: «Орамал тастамақ»

Шарты: Балалар дөңгелене отырады. Бір қыз бала орамалын Баланың бірегей қабілеттерін ретті және жүйелі жетілдіріп отыру, ойын барысында қимылдарды мәнерлі жеткізуге дағдыландыру. Балаларды ұжымдық шығармашылыққа және берілген іске үлкен жауапкершілікпен қарауға ынталандыру.

Ойын шарты: ойынға қатысушылардың бірі орамал ұстап ортырған ойыншылардың біреуінің артына орамал тастап кетеді. Кімнің артында орамал болса сол ойыншы орамал тастаған ойыншыны қуады. Ойын солай жалғаса береді.

Тәрбиеші: Ұлы күні ұлыстың,
Құтты болсын халайық.
Күй төгілсін, күй төгілсін.
Шырқап әнге салайық.

Балалардың орындауында ән: «Наурыз - көктем»

Тәрбиеші: Наурыз құтты болсын,
Дендеріңіз сау мықты болсын.
Әр шаңараққа шаттық толсын.
Көріскенше күн жарқын болсын.
Осымен ертеңгілігіміз аяқталды.
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

«Наурыз келді жайдарлы» атты тәрбиелік шараның есебі

Ертеңгілікті, мерекелік ойын сауықтарды ұйымдастыруда бала қызығатындай олардың түрлі әрекеттері арқылы ұлттық ойындарға қатырстырып өткіздік. Мейрам өтетін жер салт-дәстүрге байланысты жабдықталды. Балалар ұлттық киімдерімен келді. Киіз үй керегесінен сахна жасалынды. Олар безендірілген залға билеп кіреді. Ұлдардың орындауында "Жігіттер" биі, қыздардың орындауында «Қамажай» биін биледі.

Балалар мерекелік Наурыз тойда ойын-сауықтар мен концерттерге қатысып өз өнерлерін көрсетіп қызығып қатысты.

Аталған шараларда таңдалған ән, би, қойылымдар балалардың жасына сәйкес бастысы тәрбиелік мәні аса назарда болды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

Ғарышқа саяхат

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

Ғарышкерлер күніне арналған ертеңгілік

Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Мақсаты: Балаларды Ғарышкерлер күнімен таныстыру, ғарыш, ғарышкерлер және зымыран туралы түсініктерін кеңейту. Отанға деген сүйіспеншілікке, білімге қызығушылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: зымыран макеті, жұлдыздар, Күн, Ай, ғаламшарлардың суреттері, ғарышкердің бас киімі.

Мерекенің барысы

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар!

Бүгін біз ерекше мереке – Ғарышкерлер күнін атап өтеміз. Ғарышқа алғаш болып адам ұшты. Ғарышкерлер – батыл, ақылды әрі қайсар жандар. Бүгін біз де ғарыш әлеміне қызықты саяхат жасаймыз.

Балалардың кіруі

Балалар көңілді әуенмен қолдарына жұлдыз ұстап залға кіреді.

Тақпақтар

1-бала:

Көк аспанға самғаймыз,
Арманымыз көп біздің.
Ғарышкер боп өсеміз,
Білім алып жетілдік.

2-бала:

Зымыранмен ұшамыз,
Жұлдыздарға барамыз.
Күн мен Айды аралап,
Ғарышты біз танимыз.

3-бала:

Көк байрағым желбіреп,

Елімменен мақтанам.
Батырлардың жолымен,
Ғарышкер боламын мен.

Ән «Мен ғарышкер боламын!»

Ойын: «Зымыранды құрастыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Бөлшектерден зымыранды тез әрі дұрыс құрастырады.

Сергіту сәті «Жұлдыздар» (жеңіл әуенмен).

Ойын: «Ғаламшарларды тап»

Еденге Күн, Ай және түрлі ғаламшарлардың суреттері қойылады. Жүргізуші атаған суретті балалар тауып барады.

Сергіту сәті

- Зымыран боламыз – қолды жоғары көтереміз.
- Ұшамыз – жеңіл жүгіреміз.
- Жұлдыз ұстаймыз – секіреміз.
- Айға қонамыз – отырып демаламыз.

Жұмбақтар

1.От болып жанады,
Көкке қарай барады.
(Жауабы: Зымыран)

2.Түнде ғана көрінер,
Жарық шашып төгілер.
(Жауабы: Жұлдыз)

3.Түнгі аспанда жарқырап,
Жерге сәуле шашады.
(Жауабы: Ай)

Қорытынды

Жүргізуші:

Балалар, бүгін біз ғарыш әлемімен таныстық. Батыр ғарышкерлердей білімді, батыл әрі еңбекқор болып өсейік!

Барлығы бірге:

«Аспанымыз ашық болсын! Қазақстанымыз гүлдене берсін!»

Ортақ ән: «Көк тудың желбірегені» (балаларға лайықталған нұсқасы) немесе топтың қорытынды әні.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

«Достық – біздің байлығымыз»

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

Достық күніне арналған мерекелік сценарий

Тақырыбы: «Достық – біздің байлығымыз»

Мақсаты: Балалардың достық, татулық, сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Бір-біріне қамқор болуға, мейірімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: түрлі-түсті шарлар, жүрекшелер, күннің және кемпірқосақтың суреттері, гүлдер.

Мерекенің барысы

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар және сүйікті бүлдіршіндер!

Бүгін біз ерекше мереке – Достық күніне арналған ертеңгілігімізге жиналып отырмыз. Достық – ең қымбат байлық. Нағыз дос әрқашан қасыңнан табылады, қуанышыңды бөлісіп, қиын сәтте қолдау көрсетеді.

Балаларды шаттық әуенімен ортаға шақырайық!

Балалардың кіруі

Балалар көңілді әуенмен қол ұстасып залға кіреді.

Тақпақтар

1-бала:

Достық – шырағымыз,
Достық – ұранымыз.
Достық туымыз,
Достық әніміз.

Дос болып түрлі халықтар,
Жасайтұғын ғасырмын.
Бақыт шымын әлемге
Ұмытылмас асылмын.

Бейбітшілік ұраны,
Жарқыраған алтын күн.
Ән қанатты қыраны
Еркіндігі халқымның.

Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз.

Жасампаз жыр - әнім,
Өзіңсің ғажапстан .
Өсиет, ұраным,
Отаным –Қазақстан.

Біз балдырған тең басқан!
Дос құшағын кеңге ашқан.
Тілегіміз әділдік!
Ашық болсын кең аспан!



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

«Ел қорғаны – ұландар!»

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

7 Мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік сценарий

Тақырыбы: «Ел қорғаны – ұландар!»

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, ел қорғаушыларды құрметтеуге тәрбиелеу. Батылдыққа, ұйымшылдыққа, ептілікке баулу.

Безендірілуі: Қазақстан Туы, шарлар, әскери тақырыптағы суреттер, жалаушалар.

Мерекенің барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және сүйікті бүлдіршіндер!

Бүгін біз 7 Мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған мерекеге жиналдық. Бұл – еліміздің тыныштығын күзететін батыр азаматтарды құрметтейтін күн. Біз де ержүрек, батыл, елін сүйетін ұл-қыз болып өсейік!

Балалардың кіруі

Балалар қолдарына жалауша ұстап, марш әуенімен залға кіреді.

Ән

«Сарбаздар әні» (немесе балаларға таныс патриоттық ән).

Тақпақтар

1-бала:

Отаным деп соғады,
Жүрегіміз әрдайым.
Батыр болып өсеміз,
Елім үшін бәріне дайын.

2-бала:

Әкем – менің қорғаным,
Мақтан тұтам әрқашан.
Батырларға ұқсап мен,
Өсемін тек жақсы адам.

3-бала:

Көк байрағым желбіре,
Биіктерден көріне.
Туған елді қорғайтын,
Батыр болам мен де.

Би
«Сарбаздар биі»
Эстафеталық ойындар

1. «Кедергіден өт»
Балалар кедергілерден өтіп, жалаушаны алып келеді.

2. «Нысанаға дәл тигіз»
Балалар допты шелекке немесе нысанаға дәлдеп лақтырады.

3. «Жалауды жеткіз»
Екі топ жарысып, жалаушаны келесі балаға береді.

Сергіту сәті

Бір, екі – сап түзейміз,
Үш, төрт – алға жүреміз.
Бес, алты – күш жинап,
Жеті, сегіз – жеңеміз!

Ән«Әрқашан күн сөнбесін»

Жүргізуші:

Балалар, еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірі – бәріміз үшін қымбат.
Отанды сүю – оны қорғаудан, құрметтеуден басталады. Дендерің сау,
жүректерің батыл болып өсіңдер!

Барлығы бірге:

«Туған елім – Қазақстан! Біз Отанымызды сүйеміз!»

Балаларға «Жас сарбаз» медальдары немесе мақтау қағаздары табысталады.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

«Ерлікке тағзым»!

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2025-2026 оқу жылы

9 Мамыр – Жеңіс күніне арналған мерекелік сценарий

Тақырыбы: «Ерлікке тағзым»

Мақсаты: Балаларға Жеңіс күні туралы қарапайым түсінік беру, ардагерлердің ерлігін құрметтеуге, Отанды сүйуге, бейбіт өмірдің қадірін білуге тәрбиелеу.

Безендірілуі: Қазақстан Туы, көгершіндер, қызғалдақтар, мәңгілік алау суреті, «9 Мамыр – Жеңіс күні» жазуы.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар және сүйікті бүлдіршіндер!

Бүгін біз 9 Мамыр – Жеңіс күніне арналған мерекеге жиналдык. Бұл күн – батырлардың ерлігіне тағзым ететін, бейбіт өмірдің қадірін еске алатын ерекше мереке. Біз ержүрек аталарымызды құрметтеп, елімізге тыныштық тілейміз.

Балалардың кіруі

Балалар қолдарына гүл ұстап, «Жеңіс маршы» әуенімен залға кіреді.

Ән «Әрқашан күн сөнбесін»

Тақпақтар

1-бала:

Жеңіс күні – ұлы күн,
Қуанышқа толы күн.
Бейбіт өмір сыйлаған,
Батырларға мың тағзым!

2-бала:

Көк аспаным ашық болсын,
Тыныш болсын әр күнім.
Бақыт сыйлар бейбіт өмір –
Ең қымбатты байлығым.

3-бала:

Ардагерді құрметтейміз,
Ерлігін біз білеміз.
Отанымыз гүлденсін деп,
Жақсы бала боламыз.

Ойындар

1. «Жалауды жеткіз»

Балалар екі топқа бөлініп, жалаушаны кезекпен алып жүгіреді.

2. «Епті сарбаз»

Кедергілерден өтіп, белгіленген жерге дейін барып қайтады.

Сергіту сәті

Бір, екі – алға бас,
Үш, төрт – шегінбе жас.
Бес, алты – күшті бол,
Жеті, сегіз – тату бол!

Ән «Отаным»

Бір минут үнсіздік

Жүргізуші балаларға ерлікпен қаза тапқан батырларды құрметпен еске алуды ұсынады.

Қорытынды

Жүргізуші:

Балалар, бейбіт өмір – ең үлкен бақыт. Әрқашан елімізде тыныштық, достық пен бірлік болсын!

Барлығы бірге:

«Аспанымыз ашық, еліміз аман болсын!»

Балалар гүл шоқтарын ұсынып, естелік суретке түседі.

